

**"Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 353 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1347 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1347 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 38-39, 450-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасының 7-бөлімінің 6-кіші бөлімі 1-тармағының 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы әзірленсін;

"Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:  
көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мақсатты

ғылыми-техникалық бағдарламалардың тізбесінде 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 16 наурыздағы

№ 353 қаулысымен

бекітілген

**2001-2005 жылдарға арналған "МАШИНА ЖАСАУДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫ ЖАСАП ШЫҒАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ"**

**республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарлама**

Ескерту. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. № 462 қаулысымен

Ескерту. Бағдарламаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. № 387 қаулысымен .

## **1. Бағдарламаның төлқұжаты**

Бағдарламаның атауы

"Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" республикалық мақсатты

ғылыми-техникалық бағдарлама.

Бағдарламаның қысқаша мазмұны

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері: ішкі өндірісті кеңейту және бәсекеге қабілетті машина жасау өнімдерін шығарудың ғылыми-техникалық және технологиялық алғышарттарын жасау; машина жасау саласы үшін ғылым жетістіктері қолданылған, ресурстар мен

энергияны үнемдейтін технологиялар жасау және машина жасауда ғылыми-ақпараттық орта құру; ел экономикасының басымды салалары үшін қажетті жоғары тиімділікті машиналар мен жабдықтар жасау;

машина жасау өнімін импорт алмастыруды қамтамасыз ету және оның экспорты мүмкіндіктерін арттыру үшін Қазақстанда жоғары технологиялы өндірістерді дамытуды ғылыми қолдау; ғылыми-технологиялық мониторинг және машина жасауды стандарттау, метрология, сертификаттау және лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары бойынша ұсыныстар дайындау; ғылым жетістіктері қолданылған өндірістер ашу және инженерлік-техникалық қызметкерлердің (бұдан әрі - ИТҚ) арасындағы функционалдық жұмыссыздықты азайту үшін жағдай жасау;

республиканың машина жасау саласының басым бағыттарының болжамдары және оларды машина жасау өнімінің қажетті номенклатурасын жасау мүмкіндігін анықтаудың негізінде дамыту және оны шығарудың экономикалық мақсаттылығын белгілеу;

өнеркәсіптің басым салалары үшін машина жасау өнімін жасап шығару және оларды өткізу жөніндегі технологиялық тізбектер кешенін құрудың ғылыми-әдістемелік негізін жасау; ішкі және сыртқы рыноктарда жоғары сапалы, ғылым жетістіктері қолданылған бәсекелесе алатын өнімнің өмірлік

циклын компьютерлік үлгілеудің  
бағдарламалық және техникалық  
құралдарының кешенін әзірлеу және  
машина жасау саласында қолданып көру;  
машина жасау саласын ғылыми-техникалық  
қолдау;

машина жасау саласында  
ғылыми-ақпараттық ортаны қалыптастыру;

машина жасау саласының жаңартпашылық  
инфрақұрылымын қалыптастыруға ұсыныстар  
дайындау;

машина жасау саласында стандарттаудың,  
сертификаттаудың және метрологияның  
ғылыми-технологиялық және нормативтік  
базасының мониторингі.

Қаржыландыру көлемі мен көздері. Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржылық шығындар республикалық бюджет есебінен көзделеді, жыл сайынғы көлем тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады және 2001-2005 жылдарға 623 319 мың теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2001 жылға - 110 000 мың теңге, 2002 жылға - 119 287 мың теңге, 2003 жылға - 127 040 мың теңге, 2004 жылға - 130 240 мың теңге, 2005 жылға - 136 752 мың теңге.

Іске асыру мерзімдері 2001-2005 жылдар

## **2. Кіріспе**

2001-2005 жылдарға арналған "Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарлама (бұдан әрі - РМҒТБ), Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығын және "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын" құру туралы" 1998 жылғы 9 қаңтардағы N 2 және "Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N

1347 қаулыларын іске асыру мақсатында әзірленді және машина жасауды дағдарыстық жағдайдан шығаруды ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын, оның нарықтық экономикада жұмыс істеу және даму шарттарын анықтайды.

Бағдарлама 1998-2000 жылдар кезеңінде іске асырылған "Машина жасаудың және тиімділігі жоғары машиналар мен аспаптар жасаудың ғылыми-техникалық проблемалары" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның жоспарланған жалғасы болып табылады және ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық зерттемелердің нәтижелерін шығарылатын машина жасау өнімінің номенклатурасын кеңейту мен жаңарту сапасын арттыру және оларды жасаудың технологиясын жетілдіріп өндіріске енгізу және ішкі және сыртқы рыноктарда тиімді сату үшін одан әрі пайдалануға бағытталған және машина жасау салаларының өндірістерін тұрақтандыру мен тиімділігін арттырудың жолдары мен тәсілдері бойынша ұсыныстар әзірлейді. "Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың ғылыми-техникалық проблемалары" РМҒТБ жобасы Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесінде (2000 жылғы 17 наурыздағы N 1 хаттама) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының отырысында (2000 жылғы 27 маусымдағы N 11-60/И-374 хаттама) қаралды және мақұлданды.

### **3. Республикадағы машина жасаудың қазіргі жағдайын талдау**

1998-2000 жылдарға арналған "Машина жасаудың және тиімділігі жоғары машиналар мен аспаптар жасаудың ғылыми-техникалық проблемалары" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның шеңберінде "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығы мен "Машина жасауды болжау ғылыми-зерттеу орталығы" жүргізген маркетингтік зерттеулер, оларды енгізу машина жасау өнімдерінің бәсекелестік қабілетін арттыруға, импортты азайтуға және экспортты арттыруға мүмкіндік беретінін шетелдік аналогтардан кем түспейтін ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелер санының көп екендігін көрсетті. Бұдан басқа, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың көмегімен машина жасау саласындағы өндірісті өркендету мәселесін ойдағыдай шешу және өнеркәсіптің әртүрлі салалары үшін бәсекелесуге қабілетті машина жасау өнімінің қажетті номенклатурасын шығару үшін республикамыздың ғылыми, инженерлік-техникалық және өндірістік қ а р ы м д а р ы ж е т к і л і к т і .

Машина жасау кәсіпорындарының қазіргі жағдайдағы мүмкіндіктерін талдау

машина жасау зауыттарының арасындағы кооперациялық байланыстарды қалыптастырудың көмегімен басымды салаларды бірінші кезектегі қажетті машиналармен және құрал-саймандармен жабдықтау, машина жасау кәсіпорындарын технологиялық әбзелдермен, кескіш құралдармен, импорт алмастыратын игерілген машиналардың қосалқы бөлшектерімен қамтамасыз ету орташа алғанда 3-5 жылдың ішінде жүзеге асырылуы мүмкін екендігі көрсетілді.

Бұл ретте, қазіргі кезде республикамыздың машина жасау саласы әртүрлі себептермен дағдарысты жағдайда тұр:

сала кәсіпорындарының шығаратын өнімдерінің сапа және баға жағынан бәсекелесе алмауы. Соңғы он жыл ішінде нақты инвестициялардың және жаңалықтардың осындай өнім шығаратын әлемнің жетекші өндірушілерімен ара-қатынастың және қазіргі заманның конструкторлық құжаттарына қол жеткізудің болмауы сала кәсіпорындарын технологиялық қалыс қалуға және шығаратын өнімдердің шетелдік аналогтармен салыстырғанда бәсекелесе алмайтындығына әкеп соқтырды;

машина жасау өнімдерінің төлеуге қабілетті отандық рыногының күрт тарылуы;

өнімдердің экспорттық қарымының төмендігі;

шетелдік өндірушілер жағынан туындаған қатты, көбінесе демпингтік бәсекелестік;

менеджмент және маркетингтің төмен деңгейі, кәсіпорынға салынатын салықтық жүктеме;

өндіріс қарымының отандық рыноктың көлемінен едәуір артықтығы; зауытаралық бірлесудің жоқтығы және нарық сұранысының конъюнктурасы өзгерген кезде машина жасау кәсіпорындарының икемсіздігі;

машина жасау өндірісінің инфрақұрылымынан (салалық жобалау, конструкторлық-технологиялық және ғылыми-зерттеу институттары, стандарттау, сертификаттау, бақылау нормалары, ақпарат беру объектері, тәжірибелік-экспериментальдық және сынақтан өткізу базалары, кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру орталықтары) деректі түрде айырылу;

кәсіпорындарда және бүтіндей республика бойынша саланы инвестициялаудың, ынталандырудың болмауының, сондай-ақ ғалымдардың, мамандар мен жоғары білікті жұмысшылардың айтарлықтай бөлігінің жұмыстан кетуінің салдарынан техникалық және технологиялық жаңғырту іс жүзінде тоқталды.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның машина жасауының қазіргі жағдайына баға берудің нәтижелері төмендегідей:

қазіргі кезде, өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қордың (бұдан әрі - ӨӨНҚ) 5%-ға

жуығы, өндіріске арналған негізгі капиталға инвестициялар көлемінің небәрі 0,6%-ы, жыл сайын енгізілетін ӨӨНҚ-ның құнының 0,86%-ға жуығы, өнеркәсіптік-өндірістік салада қызмет істеушілердің жалпы санының 11%-ға жуығы, шығарылатын өндіріс өнімдерінің жалпы көлемінің кемінде 4%-ы машина жасау кешенінің үлесіне тиеді;

негізгі қорлардың тозу дәрежесі 45-55%-ға, оның ішінде активті бөлігі - 80-90%-ға жетті. Кәсіпорындардың көпшілігінде негізгі қорларды жаңарту коэффициенті 1-3%-ды құрайды, ал олардың істен шығу коэффициенті 9,6%-ға дейін жетті. Осының салдарынан ӨӨНҚ-ның құны соңғы бірнеше жыл бойы жылына 7-8%-ға кемуде. Өнім шығарудың көптеген түрлері бойынша кәсіпорындардың басым көпшілігінің өндірістік қуатының қолданылуы 10-15%-дан аспайды;

соңғы 8-9 жылда республикадағы машина жасау кәсіпорындарының саны 2 еседен астамға кеміді. Машина жасау өнімдерінің ақырғы түрлерін шығаратын зауыттар машина жасау кәсіпорындарының жалпы санының 5,4%-ын ғана құрайды;

республикадағы машина жасау өнімінің үлесі экспорттың жалпы көлемінің 3%-ына жуық, ал импорттың - 41%-дан астамы;

қазақстандық өндіріс бұйымдарының машина жасау өнімінің республикаішілік рыногындағы үлесі 15%-ға жуығын құрайды, қалған 85%-ы импорттың есебінен жабылады.

Қазақстандық өндірістің машина жасау өнімінің оған ұқсас шетелдік бұйымдармен салыстырғанда бәсекеге түсе алмауының негізгі себептері - оның құнының жоғарылығы және сапасының нашарлығы. Республикамыздың кәсіпорындарының басым көпшілігінде өндірістің ескірген технологияларының қолданылуынан, импортталатын құрамдас бөліктердің шектен тыс жоғары үлесін, бағалы энергия көздерін пайдаланудан туындап отыр. Бұдан басқа, отандық зауыттар шығаратын бұйымдар номенклатурасының басым көпшілігі шетелдік аналогтардан техникалық және пайдалану көрсеткіштері бойынша біраз төмен.

Сонымен, Қазақстанның машина жасау саласы өзіндік жеке даму көздерін, техникалық деңгейді арттыруды және шығаратын өнімінің бәсекелестік қабілетін іс жүзінде өтеусіз жұмсауда толыққанды өндірістік инфрақұрылымы мен қазіргі заманғы ғылыми-техникалық базасы жоқ. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының машина жасау кешенінің қазіргі уақыттағы шығаратын машиналары мен жабдықтарының номенклатурасы Қазақстан өнеркәсібі салаларының қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бейімделмеген.

Мал шаруашылығы, мал азығы өндірісі мен дән өсірудегі айтарлықтай еңбек сіңіруді керек ететін жұмыстар қазіргі кезеңнің техникалық құралдарымен жабдықталуы тиіс болғандықтан, Қазақстанда ауыл шаруашылығы үшін машина

жасауды дамыту басымды түрде жүргізілуі керек.

Тау-кен және металлургия, мұнай-газ өндіру өндірістерінің, өңдеу өнеркәсібінің дамуы, темір жолмен және автомобильмен тасымалдаудың республика экономикасындағы рөлінің артуы, өнеркәсіптің негізгі салаларын қазіргі тиімділігі жоғары машиналармен, жабдықтармен, тетіктермен қамтамасыз етуді және сервистік қызмет көрсетуді талап етеді.

Республиканың машина жасауды дамытудың басым бағыттарына мыналар ж а т а д ы :

ауыл шаруашылығы және тракторлық машина жасау;  
тау-кен өндірісі мен өңдеу өнеркәсібі үшін машина жасау;  
мұнай-газ өндіру және мұнай өңдеу өнеркәсіптері үшін машина жасау;  
құрылыс және жол құрылысы салалары үшін машина жасау;  
жеңіл және тамақ өнеркәсіптеріне арналған машиналар мен жабдықтар жасап  
ш ы ғ а р у ;

өндірісті түпкілікті өзгертуге, техникалық және технологиялық жағынан жаңартуға және экологизациялауға, энергия мен ресурстарды үнемдеуге, табиғи қалдықтар мен қайталама шикізаттарды өндіріс сапасына тартуға бағытталған ғылыми-техникалық саясатты жасау және жүзеге асыру;

қазіргі кезеңнің ақпараттық технологияларын қолдана отырып, машина жасау өнімінің өмірлік циклына барлық қатысушылардың арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылдарды ұйымдастыру;

ғылыми-технологиялық мониторинг және машина жасауды стандарттау, метрология, сертификаттау және лицензиялау саласында мемлекеттік саясаттың басымдықтары бойынша ұсыныстар дайындау;

машина жасау саласын прогрессивтік түрлендірулерді жүзеге асыру үшін нормативтік-технологиялық базаны дамыту және жетілдіру, әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың орталық, жергілікті корпоративтік және салалық жергілікті басқару органдармен өзара іс-қимыл жасау тетіктерін іске қосу.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Б а ғ д а р л а м а н ы ң                    м а қ с а т ы :

ішкі өндірісті кеңейту және бәсекелестікке қабілетті машина жасау өнімін шығарудың ғылыми-техникалық және технологиялық алғышарттарын жасау;

машина жасау саласы үшін ғылым жетістіктері қолданылған, ресурстар мен энергия үнемдейтін технологиялар жасау және машина жасаудың ғылыми-ақпараттық                    о р т а с ы н                    қ ұ р у ;

ел экономикасының басымды салалары үшін қажетті тиімділігі жоғары машиналар                    м е н                    ж а б д ы қ т а р                    ж а с а у ;



машина жасау өнімін импорт алмастыруды қамтамасыз ету және оның экспорт мүмкіндіктерін арттыру үшін Қазақстанда жоғары технологиялы өндірістерді дамытуды ғылыми қолдау;

ғылыми-технологиялық мониторинг және машина жасауды стандарттау, метрология, сертификаттау және лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары бойынша ұсыныстар дайындау;

ғылым жетістіктері қолданылған өндірістер ашу және ИТҚ арасындағы функционалдық жұмыссыздықты азайту үшін жағдай жасау;

республиканың машина жасау саласының басым бағыттарының болжамдары және оларды машина жасау өнімінің қажетті номенклатурасын жасау мүмкіндігін анықтаудың негізінде дамыту және оны шығарудың экономикалық мақсаттылығын белгілеу;

өнеркәсіптің басым салалары үшін машина жасау өнімін жасап шығару және оларды өткізу жөніндегі технологиялық тізбектер кешенін құрудың ғылыми-әдістемелік негізін жасау;

ішкі және сыртқы рыноктарда жоғары сапалы, ғылым жетістіктері қолданылған бәсекелесе алатын өнімнің өмірлік циклын компьютерлік үлгілеудің бағдарламалық және техникалық құралдарының кешенін әзірлеу және машина жасау саласында қолдану;

Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларын және осы саладағы қолданылып жүрген мемлекеттік стандарттарды түзету жөніндегі ұсыныстарды ескере отырып, ауыл шаруашылығы машиналарына қойылатын базалық талаптарды дайындау;

машина жасау саласына ғылыми-техникалық қолдау көрсету;

машина жасау саласында ғылыми-ақпараттық ортаны қалыптастыру;

машина жасау саласының жаңартпашылық инфрақұрылымын қалыптастыруға ұсыныстар дайындау;

машина жасау саласында стандарттаудың, сертификаттаудың және метрологияның ғылыми-технологиялық және нормативтік базасының мониторингі.

## **5. Жұмыстардың негізгі бағыттары және бағдарламаны жүзеге асыру механизмі**

Бағдарлама төменде көрсетілген машина жасауды дамыту жұмыстарының негізгі бағыттарынан тұрады:

1. Машина жасаудың дамуын болжау және инновациялық процестердің мониторингі.

I кезең - 2001-2002 жылдар. Жоғары сапалы, ғылыми сыйымды және

бәсекелесуге қабілетті өнімдерді әзірлеу, өндіру, жеткізу, пайдалану және сервистік қызмет көрсету процестерін компьютерлік үлгілеудің бағдарламалық және техникалық құралдары кешенін жасау. Өндірілетін машина жасау өнімдері, қолда бар машиналар мен жабдықтар және кәсіпорындар бойынша мәліметтер қорын кеңейту және жаналау. Республиканың машина жасау саласындағы жаңартпашылық процестердің мониторингін жүзеге асыру. Машина жасау кешенінде инновациялық жобаларды сараптаудан өткізудің әдістері мен қағидаттарын жасау, ғылыми-техникалық және технологиялық инновациялық ж о б а л а р ж а с а у .

II кезең - 2003-2005 жылдар. Машина жасау кешенінде инновациялық жобаларды сараптаудан өткізудің әдістемесін жасау. Бәсекелесуге қабілетті өнімдерді әзірлеу, өндіру, өткізу, жеткізу, пайдалану және сервистік қызмет көрсету процестерін компьютерлік үлгілеудің бағдарламалық және техникалық кешенін машина жасау саласында тексеріп, іске асыру.

Жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық әзірлемелер және жаңартпашылық жобаларға машина жасау саласындағы қажеттіліктің картасын жасау.

Қазақстан Республикасының Үкіметін, машина жасау, агроөндірістік кешен және өнеркәсіптің басқа салалары субъектілерін ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесінің үлгісін ж а с а у .

Машина жасау кешенін дамытудың ұзақ мерзімдік кезеңге арналған т ұ ж ы р ы м д а м а с ы н ж а с а у .

2. Өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, құрылысқа, көлікке және коммуникациялық жүйелерге арналған табиғатты қорғауды, ресурстар мен энергияны үнемдеуді қамтамасыз ететін тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды игеруді ғылыми-техникалық және технологиялық қолдау.

I кезең - 2001-2002 жылдар. Бәсекелесуге қабілетті, импорттың орнын басатын және экспорттауға бағытталған жаңа машиналар, жабдықтар, тетіктер мен аспаптарды жасау жөнінде ғылыми-зерттеулік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) жүргізу. Икемді өндірістік жүйелер мен ақпараттық технологиялар жасау. Өнеркәсіптің әртүрлі салаларында табиғатты қорғайтын, ресурстар мен энергияны үнемдейтін озық технологияларды пайдалану жөнінде оларды бейімдеуге және жетілдіруге арналған екіжақты және көпжақты халықаралық шарттар мен келісімдер шеңберінде біріккен ҒЗТКЖ жүргізу. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі бағдарламалардың орындалуын техникалық және технологиялық қамтамасыз ету.

II кезең - 2003-2005 жылдар. Тәжірибелік, тәжірибелік-өндірістік үлгілерді (тәжірибелік топтамаларды) жасау және оларды сынақтан өткізу. Бұйымдарды жаппай шығару үшін жұмыс құжаттамаларын жасау. Өнеркәсіп, ауыл

шаруашылығы, құрылыс, көлік және коммуникациялық жүйелер салаларына арналған шағын және орта бизнес объектілеріне арналған бәсекелесуге қабілетті жаңа техниканы, технологияларды, жабдықтарды жасап, оларды өндіріске енгізу. Жаңа машина жасау өнімдерін шығару мен өткізу жөніндегі технологиялық тізбектер кешенін қалыптастыру және енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Табиғат сақтайтын, ресурстар мен энергияны үнемдейтін шетелдік және отандық озық технологияларды республика өнеркәсібінің әртүрлі салаларына енгізуге қажетті жабдықтарды шығаратын өндірістерді ашу.

3. Машиналар, жабдықтар, тетіктер мен құралдар сапасын, сенімділігін және шыдау мерзімін арттыру әдістерін жасау, машина жасау өнімдерін стандарттау және сертификаттау негіздерін құру.

I кезең - 2001-2002 жылдар. Конструкциялық материалдардың пайдалану қасиеттерін, бұйымдарды жасаудың дәлдігін арттыру технологиясын жасау. Тозуға аса төзімді материалдарды қолдану және беттік қанықтыру арқылы машина бөлшектері құралдың шыдау мерзімін, тетіктер, машиналар, агрегаттар мен жүйелердің жұмыс істеу ресурстарын ұлғайту және сенімділігін арттыру әдістерін жасау. Ғылым, техника және технологиялардың соңғы жетістіктері мен халықаралық стандарттарды негізге алып, машина жасау саласындағы мемлекеттік стандарттарға талаптар дайындау.

II кезең - 2003-2005 жылдар. Белгілі материалдардың пайдалану сипаттамаларын күшейтудің жаңа әдістері мен технологияларын жасау және енгізу, функционалдық сипаттамалары жақсартылған жаңа материалдар жасау және оларды өндірісте игеру. Агрессивті орталарда жұмыс істейтін машиналар мен бөлшектерінің шыдау мерзімін арттыру технологияларын жасау. Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік стандарттар дайындау. Машина жасау өнімінің әр түрін сертификаттауды өткізу жөніндегі нормаларды, ережелерді және ұсыныстарды әзірлеу.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - ТЖА) мен республиканың басқа да ұйымдарына арнайы техникалар, жабдықтар, саймандар мен аспаптар жасау және игеру.

I кезең - 2001-2002 жылдар. Отандық арнайы техникалар мен жабдықтарды жасау және жетілдіру жөнінде ҒЗТКЖ жүргізу, тәжірибелік-өндірістік үлгілер (тәжірибелік топтамалар) жасау және оларды сынақтан өткізу.

II кезең - 2003-2005 жылдар. Арнайы техникаларды, жабдықтарды, саймандарды және аспаптарды өндіруді игеру.

Бағдарламаны іске асыру бағдарламалық-мақсаттық басқарудың және мемлекеттік тапсырыс тетігінің қағидаттарына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылатын болады.

## **6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері**

Бағдарламаны қаржыландыру Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі үшін технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге арнап көзделінген республикалық бюджет қаражатының есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыруға 2001-2005 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 623 319 мың теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2001 жылға - 110 000 мың теңге, 2002 жылға - 119 287 мың теңге, 2003 жылға - 127 040 мың теңге, 2004 жылға - 130 240 мың теңге, 2005 жылға - 136 752 мың теңге. <\*>

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .  
Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. N 387 қаулысымен .

## **7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін негізгі нәтижелер:  
машина жасаудың дамуын болжау және оның индикативтік құрылымы;  
машина жасау саласында ғылыми-ақпараттық орта қалыптастырылады;  
машина жасауды дамытудың басымдықтары және жоғары тиімділікті машиналар мен жабдықтар жасау жөнінде ұсыныстар даярланды;

бәсекелесе алатын машина жасау өнімдерін жасап шығару үшін машина жасауды технологиялық қайта жарактандыруға ғылыми-техникалық қолдау көрсетіледі ;

машина жасаудағы стандарттардың негізгі талаптары айқындалып, қолданылып жүрген стандарттарға түзетулер енгізуге ұсыныстар даярланады және жаңа стандарттар жасалады ;

машина жасау саласының жаңартпашылық инфрақұрылымын құру жөнінде ұсыныстар даярланады ;  
жаңа өндіріс орындары ашылады .

Осы Бағдарламаны табысты іске асыру Қазақстанда машина жасаудың дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын жасаудың ғылыми, ғылыми-технологиялық және әдістемелік негізі болады.

**8. Машина жасауды дамытудың және тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды жасап шығарудың 2001-2005 жылдарға арналған ғылыми-техникалық проблемалары бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462

қаулысымен

Ескерту. 8-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.04.08. N 387 қаулысымен.

Р/с!	Іс-шара	!	Аяқталу	!	Орындауға	!	Орын.	!	Болжа.	!	Қар.
N	!	!	нысаны	!	жауаптылар	!	далу	!	нып	!	жылан.
!	!	!	!	!	!	!	мерзі.	!	отырған	!	дыру
!	!	!	!	!	!	!	мі	!	шығыс.	!	көзі
!	!	!	!	!	!	!	!	!	тар	!	!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

### 1. Ұйымдастыру іс-шаралары

- |    |   |               |      |                  |                          |                     |
|----|---|---------------|------|------------------|--------------------------|---------------------|
| 1. | Бағдарламаның негізгі тапсырмалар бойынша жобаларды іріктеу жөнінде комиссия құру   | Бұйрық        | ЭСМ  | 2001 жылғы       | -                        | -                   |
| 2. | 2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаның кеңейтілген нұсқасын қалыптастыру ларды теуді жүргізу. тапсырмаларын мемлекеттік қалыптастыру | Бұйрық        | ЭСМ, | 2001             | -                        | -                   |
| 3. | Бағдарлама бойынша аралық есептерді бекіту. Бағдарламаның жылға арналған ген нұсқасын және бекіту                                       | Бұйрық        | ИСМ, | Жыл сайын        | -                        | -                   |
| 4. | Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми-зерттеулерге республикалық бюджетте көзделетін  | Қаржылық есеп | ИСМ  | 2001-2005 жылдар | 2001-2005 жылға арналған | Республикалық лика- |

қаражат есебінен және шегінде бағдарламаны мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз ету

қаржылан- лық  
дыру кө- бюд-  
лемі 623 жет  
319 мың  
теңге, оның  
ішінде  
жылдар  
бойынша:  
2001 ж. -  
110000  
мың тг;  
2002 ж. -  
119287  
мың тг;  
2003 ж. -  
127040  
мың тг;  
2004 ж. -  
130240  
мың тг;  
2005 ж. -  
136752  
мың тг;

5. Бағдарламаның тап- Қазақстан ИСМ, 2005 - -  
сырмалары бойынша Республи- бас ұйым жылғы  
орындалған жұмыстар- қасының 4-тоқсан  
ға талдау дайындау Үкіметіне  
есеп

---

**2. Негізгі ғылыми-техникалық тапсырмалар**

---

6. Машина жасаудың да- Қазақстан ИСМ, 2001 - -  
муын болжамдауды Республи- бас ұйым жылғы  
және инновациялық қасының 1-тоқсан  
процестердің мони- Үкіметіне 2005  
торингін жүргізу есеп жылғы  
4-тоқсан

- 6.1. Өнімді әзірлеу, Қзақстан ИСМ, 2001 - -  
өндіру, жеткізу, Республика- бас ұйым жылғы  
пайдалану және сының 1-тоқсан -  
оларға сервистік Үкіметіне 2002  
қызмет көрсету есеп жылғы  
процестерін ком- 4-тоқсан  
п ь ю т е р л і к м о д е л ь -  
д е у д і ң б а ғ д а р л а м а -  
л ы қ ж әне т е х н и к а л ы қ  
қ ұ р а л д а р к е ш е н і н  
әзірлеу
- 6.2. Кәсіпорындар бо- Қзақстан ИСМ, 2001 жылғы - -  
йынша, қолда бар Республика- бас ұйым 1-тоқсан-  
машиналар мен жаб- сының 2002 жылғы  
дықтар, шығарылатын Үкіметіне 4-тоқсан  
м а ш и н а ж а с а у ө н і м і е с е п  
б о й ы н ш а д е р е к қ о р д ы  
кеңейту және жаңалау
- 6.3. Республиканың ма- Қзақстан ИСМ, 2003 жылғы - -  
шина жасау саласын- Республика- бас ұйым 1-тоқсан-  
дағы инновациялық сының 2005 жылғы  
процестердің мони- Үкіметіне 4-тоқсан  
т о р и н г і н ж ү з е г е е с е п  
а с ы р у . М а ш и н а ж а с а у  
к е ш е н і н д е и н н о в а ц и я -  
л ы қ ж о б а л а р д ы с а р а п -  
т а у д а н ө т к і з у д і ң ә д і с -  
т е р і м е н қ а ғ и д а т т а р ы н  
ә з і р л е у , ғ ы л ы м и - т е х -  
н и к а л ы қ ж әне т е х н о л о -  
г и я л ы қ и н н о в а ц и я л ы қ  
жобалар әзірлеу
- 6.4. Өнім әзірлеу, өндіру, Қзақстан ИСМ, 2003 жылғы - -  
жеткізу, пайдалану Республика- бас ұйым 1-тоқсан-  
және оларға сервистік сының 2005 жылғы  
қызмет көрсету процес- Үкіметіне 4-тоқсан  
т е р і н к о м п ь ю т е р л і к м о - е с e п  
д е л ь д е у д і ң б а ғ д а р л а м а -  
л ы қ ж әне т е х н и к а л ы қ

құралдар кешенін машина жасау саласында тексеру және іске асыру. Машина жасау саласының жаңа технологияларға, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларға қажеттілігін картаға түсіруді жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының Үкіметін, машина жасау, агроөнеркәсіптік кешен және өнеркәсіптің басқа салалары субъектілерін ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесінің

моделін жасау

7. Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және коммуникациялық жүйелер үшін тиімділігі жоғары машиналар мен жабдықтарды игеруді ғылыми-техникалық және технологиялық қолдау - - Қазақстан ИСМ, 2001 жылғы - - Республика- бас ұйым 1-тоқсан- 2005 жылғы 4-тоқсан есеп

ды жүзеге асыру

- 7.1. Бәсекеге қабілетті, импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған жаңа машиналар, жабдықтар, тетіктер мен аспаптар жасау жөнінде ҒЗТКЖ жүргізу. Икемді өндірістік жүйелер, ақпараттық технологиялар әзірлеу. Табиғатты сақтайтын, ресурстар мен энергияны үнемдейтін озық технологияларды өнеркәсіптің әртүрлі салаларында - - Қазақстан ИСМ, 2001 жылғы - - Республика- бас ұйым 1-тоқсан- 2002 жылғы 4-тоқсан есеп



бейімдеу, жетілдіру және  
пайдалану жөнінде зерт-  
теулер жүргізу.

7.2. Тәжірибелік және тәжірибелік-өнеркәсіптік үлгілерді (тәжірибелік топтамаларды) және оларды сынақтан өткізуді жүргізу. Бұйымдарды жаппай шығару үшін жұмыс құжаттамаларын әзірлеу. Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және коммуникациялық жүйелер салалары үшін шағын және орта бизнес объектілері бәсекеге қабілетті жаңа техниканы, технологияны, жабдықты әзірлеу, өндіріске енгізу. Жаңа машина жасау өнімдерін шығару мен өткізу жөніндегі технологиялық тізбектер кешенін қалыптастыру және енгізу

жөнінде ұсыныстар әзірлеу

8. Машиналар мен жабдықтар, тетіктер, құралдар сапасын, сенімділігін және шыдау мерзімін арттыру әдістерін әзірлеу, машина есеп жасау өнімдерін стандарттау және сертификаттау

негіздерін құру

8.1. Белгілі материалдардың пайдаланылу сипаттамаларын арттырудың жаңа әдістері мен технологияларын жасау, енгізу Қазақстан ИСМ, 2001 жылғы - - Республикасының 2005 жылғы 1-тоқсан- 4-тоқсан есеп жасау өнімдерін стандарттау және сертификаттау

функциялардың  
 сипаттамалары бар жаңа  
 материалдар жасау және  
 оларды өнеркәсіптік  
 игеруді жүзеге асыру.  
 Агрессивті орталарда  
 жұмыс істейтін машиналар  
 мен бөлшектердің шыдау  
 мерзімін арттыру техно-

логиясын жасау

8.2. Машина жасау саласында Бұйрық ИСМ, 2001 жылғы - -  
 халықаралық стандарттар бас ұйым 1-тоқсан-  
 талаптарына сәйкес ке- 2005 жылғы  
 летін мемлекеттік стан- 4-тоқсан  
 дарттар, машина жасау  
 саласында сертификаттау  
 жүргізу жөнінде нормалар,  
 ережелер және ұсынымдар

әзірлеу

9. ТЖА мен республиканың Қазақстан ИСМ, 2001 жылғы - -  
 басқа да ұйымдары үшін Республи- бас ұйым 1-тоқсан  
 арнайы техника, жабдық, қасының 2005 жылғы  
 сайман мен аспаптар жасау Үкіметіне 4-тоқсан  
 және енгізу. есеп

9.1. Отандық арнайы техника Қазақстан ИСМ, 2001 жылғы - -  
 мен жабдықтарды жасау Республи- бас ұйым 1-тоқсан  
 және жаңғырту жөнінде қасының 2002 жылғы  
 ҒЗТКЖ жүргізу, тәжірибе- Үкіметіне 4-тоқсан  
 лік-өнеркәсіптік үлгілер есеп  
 (тәжірибелік топтамалар)  
 жасау және оларды сынақтан

өткізуді жүргізу

9.2. Арнайы техниканы, жаб- Қазақстан ИСМ, 2003 жылғы - -  
 дықты, саймандарды және Республи- бас ұйым 1-тоқсан-  
 аспаптарды өндіруді игеру қасының 2005 жылғы  
 Үкіметіне 4-тоқсан

е с е п

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК